

Жаралған ӘКБ  
бақытар 05.  
2024ж

**«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектеп (РО)  
жанындағы интернат» КММ-нде 2023-2024 оқу жылының  
1 жарты жылдық бойынша тәлімгерлік жұмысының есебі**

2023-2024 оқу жылында Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 160 бұйрығына негізделіп жас мамандарға жылдық жоспарларын жазуға, дидактикалық материалдарды дайындауға әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгер тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

**Жас маман туралы мәліметтер**

Тегі, аты, әкесінің аты	Хасенова Венера Нурсултановна
Білімі	Орта арнаулы
Қандай оқу орнын қашан бітірді	Қостанай педагогикалық жоғары колледжі 2023жылы
Педагогикалық тәжірибе қорытындысы	-
Лауазымы	Бастауыш сынып мұғалімі
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	1-сынып
Сынып жетекшілігі	1-сынып
Біліктілік санаты	педагог-тағылымдамашы

**Педагог-тәлімгер туралы мәліметтер**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Исина Гулден Асылханкызы
Білімі	жоғары
Қандай оқу орнын қашан бітірді	Жоғары ҚарМУ 2002ж
Дипломы бойынша мамандығы	Филолог-оқытушы
Педагогикалық өтілі	28 жыл
Лауазымы	қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Тәлімгер жұмыс істейтін сыныптары	5ә,6ә,7а,8а сыныптары
Біліктілік санаты	жоғары, педагог-зерттеуші

Жоспаралды жұмыс

**Бірінші кезең (кіріспе):** тәлімалушының кәсіби дайындық деңгейін анықталды.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша педагог-тағылымдамашының дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша әңгіме жүргізу арқылы диагностика жүргізілді.

Диагностиканың нәтижелерін ескере отырып, жылдық жоспар құрылды.

Жұмыс жоспары жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

**Міндеттері**

- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
  - жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
  - жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
  - үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.
- Жұмыстың негізгі бағыттары - жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
  - жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
  - сабақты ұйымдастыруға көмек;
  - болжау жұмысарын жасауға және талдауға көмек;
  - өзара сабаққа қатысу.

**Екінші кезең (негізгі):**

- ✓ Тәлімгерлік жоспарын іске асыру және бір оқу жылы ішінде кәсіби даму және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізу.

1 жартыжылдықта жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылды.

Сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп ресімдеу және толтырлды.

**I Нормативті құжаттар**

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемеліу нқсқаулық;
- 2023-2024 оқу жылына арналған Тәрбие тұжырымдамасы;
- Оқу бағдарламалары;



## **II Сабаққа қатысу, талдау бойынша берілген әдістемелік көмек:**

Кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу

Тәлімалушы кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдеріне 1-2 тоқсанда **әліппе, математика** пәні бойынша бірнеше сабағына қатысып талданды.

Талдау барысында:

- жекелеген оқушылармен сабақ барысында тиімді қарым-қатынас жасаудың негізі;
- жаңа сабақты игерту кезінде нені ескеру керектігі;
- топтық, жұптық, жекелей жұмыстың тақырыпты меңгертудегі ықпалы мен ерекшелігі
- қалыптастырушы бағалауды тапсырма кезеңдерінде іске асыру;
- сабақтың әр кезеңінде білімалушыларды белсенді оқуға тартудың сыныптың қалыптасуына әсері;
- білімалушының жауап беруіне мүмкіндік беріп отырудың оқушы бойына сенімділік ұялату, өз ойын ашық жеткізудің бір жолы екенін ;
- білімалушының қажеттілігін ескеру;
- оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін әр білімалушының ілгерілеуін қадағалап отырудың маңыздылығын ескеру;
- оқытудағы негізгі талаптарға баса назар аудартуға бағыт берілді;

1- сынып мектепке қалыптасу кезеңі:

- дыбыс пен әріпті ажырату, сөздерді буындап және тұтас оқу, сөздің мағынасын түсіну, сөйлем құрау; әріп қасымен жұмыс жасау;
- математика пәні бойынша санның құрамын өте жақсы меңгеру, санның өсу/кему ретін түсіну; т.б ұсыныстар беру арқылы келесі сабаққа бағыт беріліп отырды.

## **III Оқыту тәжірибесіне берілген әдістемелік көмек:**

- **Проблемалық тақырыбын анықтау** ; математика сабаққа қатысу барысында берілген кері байланыс арқылы проблемалық тақырыбы анықталды. **«Санның құрамы менгерту арқылы ауызша есептеу дағдыларын жетілдіру»**
- оқу- әдістемелік, дидактикалық тапсырмалар дайындау;  
**Ескерту ! Жас маман оқушы қажеттілігіне қарай көрнекі құралдарды саралай және әзірлей алады.**
- оқушының күнделігімен және дәптерімен қалай жұмыс істеу керектігін, жұмыс дәптеріне қойылатын жалпы талаппен таныстырылды;

## **IV Қарым-қатынас**

- «Педагог әдебі» ережесімен таныстыру;
- Мектеп әкімшілігі, ӘБ жетекшісі, тәлімгер, әріптестермен қарым-қатынас әдебі педагогпен кәсіби әңгімелесу барысында жүзеге асырылып отырды;
- Мектептің ішкі тәртіп ережесінде қойылатын талаптар туралы әңгіме жүргізу;



### Қосымша жұмыс барысында:

- ✓ оқушыларды пән олимпиадасына және конкурстарға дайындау әдістемесімен талқылау;
- ✓ интернет ресурстарынан өзіндік дамуға әдебиеттер қолдану;
- ✓ сабақтан тыс оқушылармен өткізілетін іс-шаралар мәселелерін талқылау;

Венера Нұрсұлтанқызы өзінің кәсіби деңгейін, ұйымдастырушылығын арттыру, практикалық дағдыларды меңгеру үшін үнемі ізденіп жұмыс жасап келді.

Сабаққа дайындалу барысында жұмыстың тиімді формалары мен әдістерін қолдану үшін қажетті тәсілдердің тиімділігі жөнінде бағыт беріліп отырды. Тиімді тәсілдерді оқушы қажеттілігіне қарай әзірлей алатыны сабақ жоспарлау кезінде байқалды. Тиімді әдістер оқушылардың тақырыпты меңгеруіне ықпал етіп отырды.

Венера Нұрсұлтанқызы өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәлімгердің ұсынымдарына сүйенеді.

Тәлімгерлік жоспарда атқаруға тиіс жұмыстарды тиянақты орындап отырды.

Кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу қазан айынан бастап айына 2 рет қамтылды.

Сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды ресімдеу және толтыру атқарылды. Кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша ауызша бағыт беріліп отырды. Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу жолдары көрсетілді. Нормативті құжаттармен таныстыру, онда көрсетілген талаптар мен нормаларды сақтау жөнінде бағыт берілді. Мемлекеттік стандарт, Әдістемелік нұсқау хат, Оқу бағдарламаларын басшылыққа қалай алуға болатыны жөнінде нұсқаулық берілді.

Тәлімгерлік жұмысты атқару кезінде педагогтің бірнеше сабағына қатысып, талданды. Жұмысты жетілдіру мақсатында сын-ескертпелер айтылды. Педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру, білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану, ҚМЖ жоспарлау бойынша кеңес беріліп отырды.

Оқу мақсаттарымен қалай жұмыс жасау керектігі, сабақ барысында оқу мақсаттары негізінде тапсырмаларды қалай құру керектігі, тапсырмаға сәйкес дескрипторлар құру, бағалау түрлері енгізу, рефлексия жүргізу, оқушылармен кері байланыс орнатуда ашық сұрақтардың маңыздылығы т.б. ақпараттар жұмыс барысында туындаған сұрақтар бойынша нұсқау беріліп отырды. Сонымен қатар Білімал толтыру, ҚТЖ енгізу, үй тапсырмаларын енгізу, оқушылар туралы мәліметтерді енгізу сияқты жұмыстарды жас маман өзігімен толыта алды.

Жарты жылдық соңында педагогпен кәсіби әңгімелесу диалог жүргізілді.

Әңгіме барысында:

педагогтің кәсіби құзіреттілігін жыл басымен салыстыра отырып қандай нәтижеге жеткені, нені тиімді қолдана алды, нені жетілдіру керек, не пайдалы болды, келешекте қандай нәрселерге басымдылық таныту керек деген сұрақтарға жауап ала алдым.

Мұндай диалогке түсу, тиімді сұрақтар арқылы өзіне анализ жасату жалпы жыл соңында педагогтің дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізуге тиімді екенін байқадым.

**2023-2024 оқу жылының басында жас маманның шеберлігін анықтау үшін диагностика жүргізілді.**  
**Диагностика 4 бағытты қамтыды.**

- I. Оқу-тәрбие жоспары
- II. Ұйымдастырушылық қабілеті
- III. Жаңа технологияларды пайдалануда
- IV. Оқушылардың біліміне

Қыркүйек айында жүргізілген диагностика нәтижесі қаңтар айында қайта жүргізіліп, қорытындысы араланды.

**Жас маманның шеберлігін анықтау үшін диагностика жүргізілген диагностиканың салыстырмалы талдауы**

№	Критерийлер	Бар л бал л	Ұт ым ды ат қа ра мы н	Тәжі рибе ммен бөліс е алам ын	Өзім шеше аламын		Көмекті қажет етемін		+/-
					1- тоқсан басы	2- тоқсан аяғы	1-тоқсан басы	2- тоқсан аяғы	
I.	Оқу-тәрбие жоспары	6			3	3	5	1	+2
II.	Ұйымдастырушылық қабілеті	13			7	6	9	4	+3
III.	Жаңа технологияларды пайдалануда	6		+1 2- тоқсан аяғы	2	4	4	1	+5
IV.	Оқушылардың біліміне	3			1	2	1	2	0
	Қорытынды	28		+1 2- тоқсан аяғы	13	15	19	8	+10



Жалпы 1-тоқсан басындағы көрсеткішті 2-тоқсан аяғындағымен салыстырғанда «Өзім шеше аламын» параметрінің барлығында өсу динамикасы бар. Қорытындылай келе сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыруда **Жаңа технологияларды пайдалану деңгейінде жоғарылау байқалды. Венера Нұрсұлтанқызы сабақ жоспарлауда көп ізденетінін көрсете алды.**

Жас маманға тәлімгерлік ету кезінде жұмысына тиянақты, өзіне сенімді, педагогикалық тактиканы сақтай алатын, ізденімпаз мұғалім екенін көрсете алды.

Тлімгер тарапынан «Ұстаздық жол- тақырыбында бә сыныбында өткен зейнеткер ұстаз Несіпжан Нұрмағанқызымен ұйымдастаралған кездесуге қонақ ретінде шақырылды. Жас маман мен зейнеткер ұстазбен сұхбат кезінде оқушылар ұстаздық жолдың нағыз қиын да қызықты екенін тани алды.

Алдағы тоқсандарда жоспарланған жұмыстарды мақсатты жалғастыру көзделіп отыр.

Ұсыныс:

- ✓ Тәлімгері мен басқа да педагогтерінің сабақтарын бақылау және оларды талқылауға қатыстыру;
- ✓ Өзара сабаққа қатысуды нақты кестесін құру







**Жылдың соғында Үшінші кезең (қорытынды) сараланады.**

Оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық кеңестің отырысына тәлімгерлік нәтижелері туралы есеп дайындалады.





- ✓ тәлімгерлік жоспарының іс-шараларын іске асыру қорытындылары көрсету;
- ✓ іс-әрекетте практиканы жетілдіру үшін ұсынымдар беру;

Тәлімгер: Г.А. Исина













Жарқара... Мәтін... (Faint header text)



WhatsApp Video 2024-01-22 at 00.12.45.mp4

Пәллігі...  
Төсі, ағы...  
Мәтін...  
Кәсіп...  
Қызық...  
Талап...  
Дәрігер...  
Дәрігер...